

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№12 (10 059)

26 наурыз

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru



## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНДЕ



еңбектерін аудан халқы жақсы біледі. Осы марапатқа лайықты алдыңғы аға буын өкілдері.

Біздің елдің жігіттері жігіттердің төресі Олар жайлы ағайын - жұрт не білесің сен осы

Олар жайлы айтылмайды биік - биік мінбеден  
Өйткені олар ақиқат пен шындық сөздің жебесі...

Олар жайлы білгің келсе, ортасына кіріп көр  
Солар жүрген жолдарменен дәтің барса жүріп көр  
Ерте туып еш заманның маңдайына сыймаған  
Қайран біздің қасиетті қара нардай жігіттер... - деген ақын Есенқұл Жақыпбековтың өлеңі осы ағаларымызға арналғандай.

Өрқайысының да еңбек жолы, өмір жолы жұртшылықтың көз алдында. Иә, олардың өмірбаяндарын жазатын болсақ, таусылмайтын әңгіме. Сондықтан жеке - жеке тоқталмай - ақ қойғанды жөн санадық.

Алған марапаттарыңыз, атақтарыңыз құтты болсын дейміз.

Марапатталушылар атынан Бүркіт Жұмағалиұлы сөз алып, алғысын білдірсе, келесі кезекте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудан ақсақалы Аманкелді Айтбаев жиналғандарды ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, ақ батасын берді.

Мереке соңы аудан өнерпаздарының мерекелік ән шашуымен аяқталды.

Салтанатты шарадан кейін ауданымыздың "Құрметті азаматтарымен" бірге наурыз мерекесінің дәстүріне орай көшет отырғызды.

"Бұлақ көрсең көзін аш", - дегендей бұлақ көзін ашу үшін Көкезек ауылына аттандық.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ұлыстың ұлы күні Өз - Наурыз мерекесі қарсаңында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында мерекелік жиын болып өтті. Аудан әкімі Есім Сейілханұлы жиналғандарды келе жатқан наурыз мейрамымен құттықтап, ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық даму жолында аянбай ұзақ жылдыр бойы еңбек еткен, аға буын өкілдеріне «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстады.

Олар: Жұмағалиев Бүркіт Жұмағалиұлы, Жиенбаев Арыстан Әмірбекұлы, Абдырахманов Қанат Сәкенұлы және Нұрпейісов Ерік Құрмансейітұлы. Аталмыш азаматтардың ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық даму жолындағы



## БҰЛАҚ КӨРСЕҢ - КӨЗІН АШ

Президент Қасым - Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында көктем мерекесі - Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсетін тұжырымдама жасауды ұсынған болатын.

Осы негізде мәдениет және спорт министрлігімен Президенттің тапсырмасы аясында «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын бекіту туралы» үкімет қаулысымен Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс - шаралар өткізу жоспары бекітілді. «Бұлақ көрсең көзін аш», - дегендей бүгін Көкезек ауылының маңында орналасқан бұлақтың көзі ашыл-

ды. Бұл игілікті шараға аудан әкімі Есім Сейілханұлы, аудандық мәслихат хатшысы Бейбіт Жаңылысұлы, аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы, қоғамдық ұйым мүшелері, ауыл азаматтары, жастар қатысты.

Негізінде "Ордабай" тұмасы деп аталатын бұл бұлақтың емдік қасиеті бар екен. Бұлақтың басында емші Ордабай баба зиратының шырақшысы Барат ағамыз бұлақтың көзін ашып, тазалығына қарап жүреді екен. Сөйтіп мереке қарсаңында қасиетті судан дәм татып қайттық.

Өз тілшімізден.

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КАРАНТИН РЕЖИМІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Соңғы аптада коронавируспен ауырғандардың өсу қарқыны Алматы облысында 0,6 процентті құрап, өткен тәулікте 99 жағдай тіркелген.

Инфекциялық стационардың толымдылығы 43 процентті, реанимациялық төсектер толымдылығы 15 процентті құрап отыр. Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында өңірдегі санитарлық - эпидемиологиялық жағдай туралы қасқаша баяндаған облыс әкімі Амандық Баталов айтты.

Өңір басшысының айтуынша облыстың медициналық ұйымдары қажетті жабдықтармен және дәрілік препараттармен қамтамасыз етілген. Инфекциялық стационардағы төсектер саны 412-ге көбейтіліп, қазір саны 1 550 бірлікке жеткізілді.

Биылғы жылдың басынан бастап 11 ПЦР - зертханасында 137 мың тест өткізілген. 391 мобильді бригада коронавирус күдігі бар науқастардың үйіне барып 50,7 мыңнан астам медициналық қызмет көрсетті.

Облыста ауру деңгейінің өсуіне байланысты карантиндік режим күшейтілді.

Белгілі болғанды, діни ұйымдарының, қоғамдық мекемелердің, қоғамдық тамақтану объектілерінің, діни ұйымдарының, қоғамдық моншалар мен келіктің жұмысы сағат 17-ге дейін, ойын - сауық объектілері мен мейрамханалардың жұмысы сағат 21-ге дейін келушілер санын ескере отырып шектелді. Демалыс күндері облыста толық лоқдаун енгізілді.

«Алматы қаласы мен облыс арасында халық көші - қонының жиілеуіне байланысты қала маңындағы Жамбыл, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында ауру деңгейінің біршама өсуі байқалады, бас санитарлық дәрігерлер шектеу шараларын күшейту жөнінде жекелеген қаулылар қабылдады», - деп атап өтті А.Баталов.

Өз тілшімізден.



## Игі іс – парасаттылық белгісі

Наурыздың келуінің өзі - жаңару. Қазақ елі Наурызды ежелгі замандардан бері атап өтеді. Қуаныш пен мейірімнің, бақ пен ырыстың, бақ пен ырыстың, молшылық пен кеңдіктің белгісі болған мейрамда толық жаңару керек. Бұл күнге халық барынша дайындалады. Үйдегі ескі заттарды шығарып, бір-біріне ақ тілектерін айтып, реніште жүрген дос-жарандар бір-бірінен кешірім сұрап, татуласады. Мұқтаж адамдарға қолдау, көмек көрсетіп барынша кең пейілді болады. Шаңырақта үлкен дастархан жайылып, келер жылда молшылық, байлық болсын деп ниет етеді. «18-наурыз - Игі істер күніне!» орай «Ақсу өңірі» газеті арқылы қайырымдылық акциясы жарияланған. Ауданымыздың кәсіпкері «Ақниет» сауда орталығының иесі Сұраубекұлы Барат мырза жомарттық танытып 10 (он) ерекше күтімді қажет ететін адамдарды тәрбиелеп отырған отбасына азық-түлік себетін қайырымдылық ретінде берді. Тағы да бір атап өтетін жайт ауданымыздың тұрғыны В.Сачков қайырымдылық көрсету акциясына қатысып, ерекше күтімді қажет ететін балаларға киім-кешекті өз отбасы атынан таратты. Әлеуметтік қызметкерлер тарапынан 14 (он төрт) 18 жасқа дейінгі ерекше күтімді қажет ететін балаларға және 18 жастан асқан ерекше күтімді қажет ететін адамдарға азық-түлік, киімдер және оқу құралдары берілді. Барлығы аудан бойынша 34 (отыз төрт) адамға қайырымдылық көрсетілді. Осындай азаматтарға ата-аналардың, ұжымымыздың атынан алғыс айтамыз.

Күн мен түн теңеліп жер дүние жаңарып, жасаратын күн. Жаңа жыл басталатын мейірім мен шапағатқа, қайырымдылық пен рақымға толы ай. Бұл мейрам тек үш күн ғана емес алдағы айдың соңына дейін көпшіліктің аузынан түспей тойланатын мереке. Тек қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күй жыл бойына тек жақсылық болуға ниет ету.

Мәншүк ОМАРОВА,

үйден қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі.

## Бабалар еккен шынарды балалар саялайды



Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылында Президент Қасым - Жомарт Тоқаевтың Ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлауға байланысты тұжырымдамасы бойынша бекітілген іс - шаралар жоспарына сәйкес тал көшеттері отырғызылды. Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу – сауапты іс. Өйткені жерге шаншылған әрбір тал күтімі жақсы болса, күні ертең жапырағы жайқалған мәуелі ағашқа айналып, жазда сая, қыста қамсау болады. Жыл сайын аудан бойынша көшеттер егіп, тал отырғызу игі дәстүрге айналған. Быыл да сол дәстүр бойынша алғашқы көшеттер отырғызылды. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясын бітіргендеріне 40 жыл толған түлектер өздері білім алған білім ордасының ауласына шырша ағашының көшеттерін отырғызды. «Бабалар еккен шынарды балалар саялайды»,-

демекші осы егілген көшеттер келешекте қаулай өсіп, ұрпақтар игілігіне жарары сөзсіз. Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесімізді тигізу үшін аудан аумағында сенбіліктер өткізіп, ауламыздың, ауылымыздың аумағын тазартып, абаттандырып, жасыл желектер отырғызып, шырайын әрлендіре түсуіміз керек. Әрбір тұрғын өз ауласына тал егіп, көгалдандыруға шақырамын» - деді. Сол жылғы түлек - аудан әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы.

Айта кеткен жөн биыл аудан бойынша 12 мыңнан аса ағаш көшеттері отырғызылады деп жоспарланып отыр.

Ендеше көктемнің жайма - шуақ күндерінде тал егіп, сүйікті ауылымызды ажарландыруға өз үлесімізді қосайық.

**Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ,**  
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

## 16 - наурыз - Шежіре күні!



Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлыстың Ұлы күні - 22 наурыз мейрамын тойлауға қатысты тұжырымдамасына сәйкес "16 - наурыз - Шежіре күні!" ретінде бекітілген. Осыған орай аудан әкімі Есім Сейілханұлы, аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы, аурдагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы, Ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрбол Нұрбекұлы, І.Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Болат Төлегенұлы, округ мамандары, аудандық орталық мешіт имамы Анарбай Мамбетов, аудан жастары Байғотанұлы Көтен Тәуіп әулиенің басына барып, құран бағыштап, баба рухына тағзым етілді.

Аудандық орталық мешіттің бас имамы Анарбай Тасболатұлы құран бағыштағаннан кейін, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудан ақсақалы Аманкелді Айтбаев Көтен Тәуіп бабамыздың басына келгеннен кейін баба туралы тарихи деректерді ағытты. Көтен Тәуіп бабамыздың емшілік қасиеттері жайлы газетіміздің келесі санында баяндайтын боламыз. Әңгіме арасында баба мазарының жанынан ағып өтетін Ақсу өзенінің қарапайым бір саласы "Алтынарықтың" қалай осындай атқа ие болғаны туралы кеңінен тоқталып айтты.

Ауылдың егіс алқабына су жеткізу үшін Ақсу өзенінен бұрылған қарапайым арықтың тарихы 90 жылдық аудан тарихынан ары екенін байқадық. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "Тарихымызды тереңдей білмесек – болашағымыз бұлыңғыр болмақ" - деген екен.

Ендеше осыдан он жыл бұрын жарияланған Мәлс Айтбаевтың "Алтынарық" тарихын кейінгі ұрпақ үшін, оқырмандар үшін қайтадан газетке беріп отырмыз. Ауданымыздың тарихын біле отырыңыздар.

**Ербол СЫМХАНОВ.**

Тарихымызды тереңдей білмесек – болашағымыз бұлыңғыр болмақ.

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ.**

# АЛТЫНАРЫҚ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



тарайды. Қаптағайдан Есенкелді, Жарлықамыс, Жалаң, Жалаң батыр Күшлікке, Ханеке ханнан Қаһар кетті, халықтан қуат кетті. Әскерді мен басқарайын деп ел басына күн туғанда, ерен ерлік көрсеткен екен. Жалаңнан Асан, Үсен, Хасен, тараған. Асаннан Тоқа, Жақсылық, Қырғиқонақ, Қаржау, Бөрте, Сарыдан Бөрібай батыр аты аңызға айналған. Үсеннен Ақшора, Шаппа тарайды. Ақшорадан Есенаман, Ордағұл, Бердіғұл. Ордағұлдан Қабанбай батырға серік болып жоңғарлар мен шүршірттерге қарсы ұлт азаттық соғыста ерен ерлік көрсеткен Тауасар батыр тарайды. Шаппадан Таңат, Шоқа, Лақа, Тәттібайдың ұлы Құлболды, Қойлыбай, Олжабай болып таралады. Біздің аталарымыз осы Ақсу алқабына сол 1205 жылдары келіп қоныстанған болу керек. Аумалы төкпелі заманда ел қанашама жер ауып қайта оралып отырған ғой. Шөкәрім Құдайбердіұлының жазуында 1724 жылы Шыңғыстан Матай руы Жетісу бойына ауды дейді.

Міне осы тұста Матайдан тарайтын Аталық Басқан өзенінің батыс жиегінен Ақсудың шығыс жиегіне дейінгі аралықты, Кенже Сарқан өзенінің Ақсуға құяар тұсынан Балқаш көлінің жағасына дейінгі алқапқа орналасқан. Қаптағай ұрпағына Ақсудың батыс жағалауынан Қаратал өзенінің шығыс жағасына дейінгі алқап бұйырыпты.

Себебі, бұл жылдары жоңғарлар жиі – жиі шабуыл жасап елді мазалап тұрған. Сондықтанда Шоңай, Есенкелді, Тауасар, Мүсіріп сияқты батырлары бар ел, Қарағайлы қақпасы арқылы өтетін Жоңғар



әскеріне тойтарыс беру үшін орналасқан. Ол кездері Ақсудың суы арнасына сыймай ағады екен. Сағасынан асқан су қазіргі поселкеміздегі Шоңай батыр, Тәуелсіздік, Сәтбаев көшелерінің бойымен батысқа қарай ағып, айналасы 1932 жылға дейін қалың орман, тоғай болыпты. Осындай шұрайлы алқапқа ие болу Қаптағай ұрпақтарының арасында дау туғызады. Соңы үлкен жанжалға айналады.

Ел бірлігін ойлаған билер мен ақсақалдар бас қосып, ақылдаса келіп Аталық, Кенже, Қаптағайдан үш би сайлап, және де ара ағайынан аталық Есенкелдіні Төбе би сайлап әр қайсысына арасы қозы көш жерден үй тігіп, ешкімен кездестірмей үш күн ойлап, ойларын Төбе биге айтып ортақ шешім қабылдауды ұйғарады. Сонымен күткен күнде жетіп үш бидіңде ойы бір арнадан шығады. Жер дауы мен жесір дауы қазақта оңайлықпен шешілмеген, осыны негізге алған үш биде Қаптағай ұрпағына берілген жер шығысынан батысқа қарай атты адамға бір күншілік жер екенін ескере отырып, қазіргі Молалының желкесінде Жалаулы деген биік шоқы бар, сол Жалаулыдан ат қоссын кімнің аты қалай келеді сол рет бойынша

тиесілі жерін алсын деп шешіп, бір ай ат жаратуға мұрсат береді. Бұл шешімге бәріде петуаласады.

Тоқа, Сары, Жақсылық, Қырғиқонақ, Қаржау, Бөрте рулары ат жаратуға кірісіп кетеді. Ақшора, Шаппада айтулы аттары болмай, құдай қайырын берсін ағайынан қалған бір бұрыш бұйырар деп малын бағып жүріп жатады. Сол шақтарда Құлболды атамның асық жаз кезі болса керек бір көк бестіні үйретіп, қойға мініп жүреді екен. Бір күні көрші отырған еншілес Дуан ауылына бір қойы қосылып кетеді. Кешкісін қосылған қойын алдына өңгеріп ауылдан шыға бергенде ауыл иттері шәужейлеп қалмайды. Иттерді қамшысымен жасқайын деп ұмтыла бергенде астындағы аты үркіп ала жөнеледі. Қойды тастайын десе мал қайғы, тастаймын десе жан қайғы тәуекел деп қойды басып алып, аттың басын қоя береді. Аттың шабасына желіккен иттер де қалмайды, ақыры ауылына шейін иттерге сипатпай келеді.

Ауыл ақсақалдарына болған жәйді айтып жұртта қалғандай болмайық, тәуекел, осы кек бестіні қосайық дейді. Сонымен көк бестіні бір жетідей жаратып жоғарыда айтылған байлықты бөйеге жібереді. Асыға күткен күнде келіп, ақсарбастарын шалып, жеті шөлпектерін үлестіріп, ағайын - туған тілектерін білдіріп, аттарын бөйеге қосыпты.

Келесі күні ағайынның көңілін күпті еткен үлкен даудың шешімі де дау дамайсыз шешіледі. Ақсудың сағасына жеке дара қозы көш бұрын Шаппаның Құлболдысының көкбестісі тұмсық тірейді. Ақшора Шаппа

қасиет қонған ауыл еді, құдай қайырын берсін деп ағайын адал ақ жүректен ықыласын білдірді. Сонымен Ақсудың сағасының батысынан Бүйен өзенінің шығысына дейін сол тұстігі Құлшан өзеніне дейінгі алқап Ақшора Шаппа балаларына бұйырады. Атамыз Көккөмей деген жерге сепкен бір тақия тарыдан алты қар тары алып, келесі жылы Қара ойға дейін арық тартып ол жерге сепкен егін тіпті молшылыққа кенелткен.

Азып - тозып келгенде бала - шағаға азық болды, бұл арық бізді анымыздай аялады. Бұл жердің аты енді Алтынарық аталсын деп шешкен екен. Қаншама ғасырлар өтсе де ұрпақтарын өсіріп ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан біздің ауылдың тарихы осындай. Бұл ауылдан қол бастаған Шоқадан Мүсіреп, Олжабайдан Жаныс, Ордағұлдан Тауасар сыйяқты елін қорғаған батырлар Бердіғұлдан Көтен Тәуіп, Құлболдыдан Майлыбай сыйяқты зарыққанға емі шипа дауа, адасқанға жол сілтейтін, келешекті болжай білген ғұлама Алла тағала ерекше қасиет қондырған тұлғалар шыққан. Көл орны құрғамайды деген қазіргі таңдада білікті білімімен, қажырлы еңбектері елге танымал болған, Алтынарықтан нәр алған Ақшора Шаппаның ұрпақтары баршылық. Ал, қасиет қонып, құт дарыған мекен Алтынарық тарихы осындай.

**Мәлс АЙТБАЕВ,**  
**Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ, ЖОЮ МІНДЕТ

## Жемқорлық



Жуырда Көкезек ауылдық мәдениет үйінде «Жемқорлық індет, жою міндет» атты онлайн әңгіме сағаты өтті. Ауыл имамы М.Мұқайұлы тақырыпқа байланысты өз ой – пікірін білдіріп, уағыз оқыды. «Сыбайлас-жемқорлық» деген «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «cogumpre» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сіндыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси

қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлдікті пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүлдікті жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Құрметті қауым! Әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізбен жетуге тырысайық!

**Мадина ҚАЛШАЕВА,**  
Көкезек ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.



# ТЕРРОРИЗМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАСИРЕТІ



қана емес, рухани мешелдіктің, адамдар бойындағы гуманистік сезімдердің тұрапайлануының салдары және мұндай қоғамдық ауыр дерттермен ел болып, халық болып күресуіміз қажет екендігіне тоқталып өтті.

Мақсаты – оқушыларға терроризм туралы кең түсінік бере отырып, себептері мен зардаптарын ұғындыру, жасөспірімдерге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу, жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстаным екенін ұғындыру болып табылады.

## Латын әліпбиіне көшу – заман талабы

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде

сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілі жоғалмайды. Сондықтан шошудың қажеті жоқ. Өз басым латын әліпбиіне әлдеқашан, сонау тәуелсіздік алған жылдары көшу керек еді деп ойлаймын. Ертерек қолданысқа енгізгенде әріптері ұқсас ағылшын секілді шет тілдерін үйрену, латын әліпбиін пайдаланатын түркі тілдес халықтармен қарым - қатынасымыз жеңілдей түсер еді.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарына жаңа серпін бертінін Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Жолдауында ашып айтты. Латын әліпбиі бізге таңсық емес, себебі ол біздің қоғамға әлдеқашан еніп кеткен. Оны еліміздегі кез- келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал, «латынның бізге берері не?» дегенде, толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Мысалы, «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру Бұл идеяның үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына илесу дегенді білдіреді. Сөз соңында латын әліпбиіне көшу, қазақстанның әлемдік қарым-қатынасын одан әрі нығайта түсетін маңызды құрал екеніне сенімім мол.

**Гүлсанат ҚОЖАБЕКОВА,**  
Ойтоған ауылдық кітапханасының кітапханашысы,  
«Nur Otan» БПҰ-ның мүшесі.

# ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойнала-тын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып,

# Қазақтың ұлттық ойындары

еңбекке баулиды, ширектіріп, шынықтырады.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата - бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын - сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол

ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, кешірімділікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен».

Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

**Еламан ЖҰМАГЕЛДЫ,**  
Көкезек ауылдық мәдениет үйінің музыка жетекшісі.

# Қоршаған орта – адамзат өз қолында!

Адамда саналы түрде қалыптасқан өмірлік бағыт әлемді, өмірді, қоршаған орта яғни, табиғатты тұтас түсінуіне байланысты. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Сол себепті өз денсаулығын ойлаған адам ең бірінші табиғатқа оң көзімен қарау керек. Табиғаттың адамзатқа берері көп. Қоршаған ортаның жайқалған жасыл шөбі, сыңғырлап аққан суы, биік ағаштары, таза ауасы адамзатқа табылмас байлық. Сол байлықты қадірлеп, құту өз қолымызда. Көп адамдардың салғырттығынан ағаштарды кесіп, ормандарды ерт қойнына орауға жол береміз.

Ата – бабаларымыз айтқандай "бір тал кессең, он тал ек",-дегендей кескен ағаштардың орнына ағаш егіп, орманда жүргенде қолымыздағы оттықты қалай болса солай тастамай жүрсек дұрыс болар еді. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты

ағаш егуге, гүл отырғызуға, қоршаған ортаны қоқыстан таза ұстауға тәрбиелеуге міндеттіміз. Егер жас ұрпақ ақылға салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін пайдаланып гигиеналық тәртіпті бұзбай жүрсе, денсаулығына зиян келтірмей – ұзақ өмір сүрген болар еді.

Мен орман күтушісі ретінде барлық адамзатқа қоршаған ортаны қорғауға, аялауға шақырамын. Осындай бейбіт күнде, ашық аспан астында, өсем табиғатта ұзақ өмір сүрсек нұр үстіне нұр болар еді!

**Өртбай ӨСКЕНБАЕВ,**  
«Жоңғар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №4 айналым орман күтушісі.

Қапал ауылы.

# Мемлекеттік қызмет көрсету еліміздің дамуының негізі

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігін басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиістілігін айқындап беру мақсатында 2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды. Қабылданған Заң талаптары көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұтпайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерін шағым беру тәртібіне қатысты нормалар енгізілген. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары болып көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік лауазымдық және мүлдіктік

жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанмына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез - келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз тендік қол жеткізуі саналады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік көрсетілген стандарттары мен регламенттеріне сәйкес, мемлекеттік көмек көрсетуге міндетті. Негізінде көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсетуіне қойылатын талаптары және оларды көрсету тәртібі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты мен регламентінде айқындалады. Осы орайда «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығына сәйкес, Ақсу ауданы әкімдігінің «Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 7 нысан бойынша мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Мемлекеттік мекеме арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер:

1) «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі

балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою»;

2) «шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйіріне тегін тасымалдауды ұсыну»;

3) «жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»;

4) «елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру»;

5) «сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»;

6) «жер учаскесін алу үшін кезекке қою»;

7) «Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату».

Ақсу ауданы әкімдігінің «Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде өз бетінше қызмет алуға болатын едәуір бұрышы тұрақты түрде жұмыс істейді.

Сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың хаттарымен арыз - шағымдар жәшігі орнатылған, округ тұрғындары үшін сенім телефоны: 8 (72832)52-039 тәулік бойы қызмет атқарады.

**Қуаныш ҚОНЫРОВ,**  
«Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, іс-жүргізушісі.

## Мұсағали Мұсағалиевтің туғанына - 90 жыл!

### Мұсағали ақын жайлы жақынырақ таныстым

Мұсағали, әр тұлғалы қазағымның ақыны!  
Биік шыңға өрмелеуге альпенисттей хақылы.  
Өзі жазған әр жырының ертеңіңе сенгендей,  
Үмітпенен халқына да солай сенген жақыны.

Көз тоймайды, қарай берем жақұт-маржан жырыңа,  
Таудан аққан мөлдір судай қанық болдым сырыңа.  
Тағдырыңды таспадайғып қара өлеңмен өріпсің,  
Шомылғандай күйге ендім жырдан аққан нұрыңа.

Өзің жайлы толығырақ білсем деген ниетпен,  
Том-том болған кітаптарды оқи бердім ретпен.

Қайран ақын, сені танып жас үйірдім көзіме,  
Әр өлеңің есті адамның жүрегіне гүл екен.

Соғыстағы өке жайлы бала сөзің қуатты,  
Майгүлді жоқтап жазған көңілің де сызатты.  
Махаббатың Лаушының теңеуі айтқан әр жырың,  
Әр қазақтың жүрегімен асып жүр гой қыратты.

Табиғаттың көркемдігін суреттепсің шуақты,  
Суреттепсің Қарасазды, Қарасудай бұлақты.  
Сырыңды айтып ақ қағазға күнделіктер жазыпсың,  
Ақын жаның түңілгенде аңсап асыл мұратты.

Нарыңқолдың төріндегі Албан-Сары руы,  
Сары даланың төсіндегі асыр салған құлыны  
Заңдылық қой Мұсағали ағамыздың еңселі  
Тәуелсіз ел мақтан тұтар еркерсткіші тұруы.

**Айнұр ЖИЕНТАЕВА,**  
Суықсай ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ(Жалғасы. Басы өткен  
сандарда).

Сөзді Шөкейдің Нұрмұханбеті алды білем, сөйлеп жөнелді. Бұл кісіні жақсы танимын. Бұл адам бізге әкелері, ағаларынан, жегжат болып келеді. Бұл адамды Нұрмұханбет батыр деп атайды. Дене құрылысы жағынан аса батырға ұқсамайды. Сол уақытта қырыққа жаңа ілінген адам болар. Қайраты асқан болмаса да жүректі батыл адам деседі. Қымқа атжақтылау қайрақтай қара кісі. Ол алғашқы сөзінен ақ төте сөйледі. Ол:

- Менің елімде бұйырған топырағым болса, оған еш адам таласа қоймас. Ал, бұйырмаған топырақ болса, айдауда жүріп өлермін. Мен топырақ бұйырмаған болса, сотталып кеткеннен қайтпаған болар едім. Шамасы, әлі де көретін күнім, тататын дәмім, мені түрмеден қашырып шығарған болар. Сондықтан да халқым үшін қызмет істеп, сенімім ақтарылым керек. Өрне менің барып келген жерім. Жолды жақсы білемін. Қиындығында, қаупінде ұғынамын.

Мұндай кез көкіректі талап етпейді. Әр кезде не істеуді уақыт көрсетер. Түнде жүруге де кез келетін кез болар. «Ұры - айды ұнатпас, қасқыр - күнді ұнатпас» кез болар. Сонда бекер алып шықтың деп, мені кінәламайтын болсын. Кетіп бара жатқандардың ішінде, аузымды үрлеп, аяғымды сыпырған әке мен ана да бар. Қысық етік-аяқтың соры, қысық аяқ-адамның соры. Уәде бермеймін, берсем шегінбеймін. Ақбоз ат екеуіміз бір бірлімізге сенеміз. Ақ берденке өзін алдап көрген жоқ. Қапияда қайтыс болсам, Ақбоз аттың бір уыс қылы мен, ақ берденкенің бір оғын қоса көмерсіңдер. «Ат қыршаңқысы ер қорғаны есер, адам қыршаңқысы елдің намысын кесер» деп ұқпаңдар.

Келесі сөзді Құдайберген алып сөйледі. Бұл кісіні ел-ұзынсақал Құдайберген деп атайды. Құдайберген бірнешеу. Соның мен білетін-Досқұлы-Шолақ Құдайберген де, бірі осы кісі. Сақалы бурыл тартқан ұзын адам. Сондықтан осылай атайды. Таза, сәнқой, қара жұмыс істеп көрмеген адам болар. Белі әлі бүгілмеген, таяқсыз жүретін адам еді.

Ол:  
- Көлдей - Жұмай көп ел. Соның бірі мен. Мені үлкен санап, үлкен іске ақыл қосуға шақырғандарыңызды дәреже тұтамын. Ел айтатын сөзді жасырып қайтеміз. «Көлдей жұмай-шуылдақ» деп, наз жасайды. «Қабырға жетпес қара көлдей» деп те өзіл жасайды. Көптен жаманшылық болмасын, тәңірім аздан сақтасын. Кебею қиын, азаю арзан екенінде естен шығармаған жөн. Ел екіге бөлінсе, азайған емей немене? Дегенмен, көптің аты көп. «Жыланды үш көртседе - кесерткілік әлі бар» деседі. Құдайым ондағыны онда, мұндағыны мұнда аман етсін. Менде осы көп елдің бір бұтағының жапырағымын. Әсіресе, батырдың сөзі орынды. Көптен жаман ғана шығып қоймайды, міні осындай батырда шығар болар. Азаматтың керексіз кезі жоқ. Әсіресе, осындай азаматқа кім жетсін. «Батыры бар елдің - жақыны бар» деген осы. «Мықтыны сақтап ки, нәзікті баптап ки» деген. Мұндай азаматты сақтағандарың жөн. «Қысық құрық қате ұрады» деп, қадырын білмей жүрмелік. «Түзу құрық бата ұрарында ұмытпаңдар». Бұл ел ежелден ұмыр шыққан ауыл. Нартайлақ - Назар шыққан жерден туған азамат. «Шөлдегі алтын ыдыстан, көлдегі науау көп артық. Жайшылықта, дүрдиген азаматтар сан сабаласа қан жасағанымен, оққа қарсы айла жасағандары аз сияқты. Оны алдағы ауырлық көрсетер. Жайлықта төбесі көк тіреп, жаулықта тізесі жер тірейтін аза-

## КЕЙУАНАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

(Деректі хикая)

маттарды, енді сынауға уақыт бар. Қысық ағашты отқа жақпас, батыр жігітті жатқа сатпас кез келді.

Қиын кездер тап болуы да ықтимал. Оқ тиседе, аяғы үзеңгіден шықпай кетсе жығылуға жатпайды. Батырға да пана керек. Сөзіне болайын-батырдың сөзі. Су сырттың кірін кетіретін, сөз іштің кірін кетіретін. Әлі уақыт бар. Ат қосақсыз шаппайды. Жігіттерден саңлақтарды санай бер. Сені тек көкпері құмар жігіт санап кепіні. Көрі ағанды кешіре көр батырым. Жігіттің ала білгенді алақаны, бере білгенді жомарттығы байқар. Атың қанша зор болса, абиырың сондай өр болсын.

Мен осы отырысты ұйымдастырғанмен «Қызды ауылдың иті үргіш, көші ауылдың қойы өргіш» болар ма екен дегендей қорыққанда едім. Дегенмен азаматтар, ойдан шықты. «Жатағанның мазасын, қашаған алады» болмады. Жігіттер қалаған жерінен шықты. Етектерін қағып тұрып кетіп абиыр төкпеді. Әзірге көшетін орын жоқ болғанымен қонатын орын бар екеніне халық көзі жетті,- деп риза болып, аяғын көсіле түсті.

Бағанадан үндемей тілін тастап отырған ет-жеңді адам сөйледі. Сырт естуім осы адам оқыған адам деп айтады. Бұл кісі қазақшаны қойып, орысша, арапша еркін сөйлейтін адам деп, бір естігенім бар. Атында атаған болатын. Есімде аты қалмапты. Көзір сақтық жасап бірінің атын бірі атамайды. Тек «Сіз, біз» бен ишірат жасайды.

Ол малды ортаға салатынының ақиқат екенін айта келіп, мұсылман біткен діннен айрылатынын кітаптан оқып берді. Онда аса ашық жазылмаған. Бірақ діннің зияны жайлы тасқа таңба басқандай сөзіліп тұр. Ол әйелді ортаға сала қоймас, дегенмен, орыста кемінде екі өке болатынына сендірді. Соның бірі нағыз әкесі болуға тиісті де, оған қалғаны іші тарлық жасамайтынын дағдысы барын айтты. Біз орыс еліне қарағандықтан, біздің арамдыға ертең келетінін мысалмен дәлелдеді.

- Мысалы, - деді ол, - Мұсылман баласы арақшпейтін. Шайшпейтін. Қазір шай ата тамағымыздың бірі. Ал арақта сондай болмақ. Жынды болған адамнан не сұрарсың. Қазірдің өзінде арақ сығалап кіре бастады... Белсенділердің кейбірі осы ит ішпесті іше бастады. Енді ондаған жылдарда, некесіз бала ер ошақ сайын болатынына мен сіздерді сендіре аламын. Қазірдің өзінде ондай бала көп, көбі кемтар. Кемтарда болса өз балаңды өлтіріп көр.

Барлығымыз бір Найманның баласымыз. Қорыққанда аң да бір - бірін паналайды, біз аң құрлы жоқпыз ба? Төртуыл елі, қолына мылтық ұстап туады. Олардың барлығында дайын отырғанын көріп, енді сіздерге келдім. Сіздерде құр қол емес екенсіздер. Ақыл беретін ақсақалың, күш беретін батырларың бар екенін айтып барармын. Барлық ел жабылып бірақ көтерілсек, солдаттар қаруда ұстамайды. Керек болса, атысып, барымызды алып кеткенді былай қойғанда, ата кегімізді ала кетеміз. «Өз бетін аямаған, жау бетін шиес жасар» деген бар.

Күзге жақын, мал семіз, тамақ тоқ, азамат қайратты кез.

Әлі келмес ағайынды орнынан жылжытып, жылы орнын суытпаңдар. Әзірге салт басты, сабау қамшыларға қамқорлық керек. Олар алдына шығып бастаушы, соңыңа шығып қорғаушың бола алады. Өздері жол көріп, пісіп алса, «Арғы бет» дегенің мықты атты кісіге екі күндік қана жол. Өздері келіп, бірақ түнде алып кетеді. Атам қазақ, шауып келе жатып қалғып, желіп келе жатып ұйықтап алатын ел.

Жолда қиындықта болатынын ескерткен жөн болды. Шыдамағандары шықпасын. Жолдан бірде адам көрі қайтпайды. Ауырып өлсе, қолдан қоямыз. Қашқандарға жеке оқ жалынсын. Бір сатқынды аяп, бала-шағаның қанына қалмаймыз. Барлығымыз бірақ өтіп кете алсақ, ол бетте бөлек ел боламыз. Күшіміз болса, атамыз қазаққа жаққан хандықты қайта қалпына келтіреміз. Бүгін

қорықсақ ертең қуанамыз. Тәңірім ұзағынан сүйіндіруге жазсын. Қалтасындағы бір қағазына қарап алып:

-Айтпақшы ұмытып барады екенмін. Ол әйел мәселесі. «Батырдың өлімі - маржадан» демекші, бұл өте нәзікте, қытықшыл нәрсе. Аз кем жыл ара-сында үкімет оларға ерік бердік деп, айдап салыпта үлгірді. Бұлар қойындағы қара жылан, найзасыз-ақ қатыра алады. Сондықтан, төбеден асқанша олардың тілін ұғып ұстандар. Таудан асып түскен соң, атасыз қазақша ұстап үлгірерміз. Әйел тастап кетуші болмаңдар. Ол мысықтай ашулы жұрт. Оның үстінде ол жақта атамның ақ отауы тігулі тұрған жоқ. Оның бәрін күшпен табасың. Оның үстіне қалыңдық жинап қатын алып көр. Асқанша ұл қадырлы, асқан соң оң жақтағы қыз қадырлы. Бұл деген сөз, Малың қалса да, қызың қалмасын деген сөз. Ол бетте де, жақсылар таңдаулы. Ел қатарына қосылып шыға келесің. «Орыс байыса там салады, Қазақ байыса қатын алады» деген бекер айтылған сөз емес. Адам болған соң ләлсі деген Алланың өзі берген сұлулығы бар. Балаң көп болсын десең көп әйел алатының заңды. Халық көп болса, қол көп. Қол көп болса, күш көп. Әсіресе, астыртын болса да малы бітіп отырған қалыңдықтарын жұрт қалдырмасын. Кейін нағашылары көшіп барғанда, құтты қонысы, сүюге шөлі қанатын жиені алдынан шығады.

Бұл жақта да, иіруде байдың әйелдері қалған. Оның ішінде кеудесі жөндеп жаншылмай қалған сұлулары қанша. Олар келіссе, нәменгерлеріңді ала кетіңдер. Біле бөксе, оны сендер жаманшылыққа ертіп бара жатқан жоқсыңдар. Олар шын бостандықтың не екенін көрсін. Несібесінен қалмасын. Олар аман оралса, қатын табылар. Азамат аман болсын. Қиын кезде құтқарғаның үшін, саған ренжі қоймас. Оның өзі де Орталыққа түсіп кеткенше, өз нәменгеріне тиіп, игілік көрсін.

Әйел жайлы ренжіс шықты деген сөз, сыбыс шықты деген сөз. Ол көп кешікпей, айқайға айналады. Абиыр кетеді. Берісі кісі өлімі, арысы ел қырылады. Зорлап әкету болмасын. Қайтесің қатын жолда, бала белде. Ұзақ жолда қарғыс арқаламаңдар. Әйелге талас болса, арада сатқындық жүреді. Бір қатынның кеселінен қырық жігіт қырылмасын.

- Қозайыр ауылының үлкені атынан Найзабек пен Иманбектің бірі сөйлесін. Қозайыр бидің баласы немесе Машкеннің момындарының ойын білейік,- дейді ұзын сақал Құдайберген.

- Мені бидің баласы деп қолпаштама, күні кеше ғана Машкеннің момынына қосқан сен емес пе едің? Кімнің кімнен туғанын кім білмек? Тек құдайыма қанық, анама күдік. Ел бастайтын сен бе, онда жарыған екенсіңдер. Мен көрген екі ұртты Құдайберген екенің рас болса, түлкің анда, тазың мұнда деп, шыға келерсің. Кеше «Құдайберген» атандың, сақал өсіріп «ұзын сақалды» қостың. Ел билеп те көрдің. «Қозайыр өлгені анық болса, енді ел менің қолыма көшеді» дейтін мәнсапқор сен емес пе едің? Совет шыққанда «тақтан» дөметтің. Орын бермей, жолың болмаған сен емес пе едің? Енді бүгін жұртқа қамқорсынып айтқан сөзіңді естідік. Барасың ба, жолың болсын. Сенің орныңа ши шаншып қоямыз. Артыңды бүлдірмей кет. Мен бармайды екенмін, сенің жолыңа көлдене тұрмаймын. Аузым берік, ниетім таза. Менің саған өкпем болса да, қалың Көлдей-Жұмайға өкпем жоқ. Жолдары болсын.

Айтарын айтып, ұйымдастырып, өзің шығарып салып қалып, елді солдаттарға торға түсірген кім еді? Кешегі атылып, шабылып қалғандарың қозы құйрық етіп айдап келгенде, сен үйінде табылған жоқ па едің? «Бүлінген елден бүлдірге алма!» дей отырып, иесіз тігулі қалған үйді, жиолы қалған жүкті, адасып қалған малды жинап алған кім еді? Қырғыннан қайтқан ел, қыдырып жүріп мүлкін танып алғанда, үйіңнен түйеге артылған

жүк шыққан кім еді? Қырық жыл алпарысып, дүние жинаған сенде бір, Машкен балалары да бір. Иесіне бақыт әпермеген қара қосты тонағанда, саған дәулет болып шығып па еді. Тек ұятыңа таңба болып басылған.

Барлық Машкеннің момындары өлсе осы жерде бірге өледі. Туған жерім Қосбатырдан топырақ бұйыртың тәңірім. Бізді коммунист ауыл үлкені де, кішісі де көпір деген сен болатыңсың. Біз өз қалуымыз оңай тимейтінін де сеземіз. Адаққан иттей екі өзеннің бос қалуы, қарт адамдарға да, жас адамға да оңай тимес. Бірақ, барлығынан аталарым туып-өскен өлкені, кіндік қаны тамған топырағын, сүйегі жатқан зиратын тастап кетуге дәтіміз шыдамайды. Қайран елім қаш болыңдар. Артығым боса кешіріп, кемім болса толтырып аттаныңдар,- деп қалтырап, ары сөйлей алмады. Көзінен жас ағып кетті. Көзіне жас жиналмаған көрі-жас аз болар. Қайран туып өскен жеріңнің әр төбесі-мұнара, әр ойы-жұмақ екенін ел біліп отыр.

- Найзабекке көп нәрсе айтуға болар еді, ағайын арасын ала еткім келмейді. Менде қанша жасайды дейсің, ашу шақырып айрылыспалық. Сенің де айтарың осы ма Имеке?-деді, Құдайберген. Иманбек атам орнынан ерең тұрды. Осы аз күнде бірге туысқан ағасы Найзабектен де қартайып кеткенін байқап қалдым. Сөзінің басы баяу болғанымен, кешікпей өріс алып кете барды.

- Қыс қытымыр, жаз жомарт, көктем уяң екенін білеміз. Осы айтылғаның қаншасын жасап тастаппын. Жас кез болса бір басқа, қартайдым. Көрі адам кеш тұрмақ ауыл қыдырғысы келмейді. Көделеп шақырғаның өзіне қинала-қинала барамын. Кіретін үй баяғыда азайған. Енді ол үй таусылғалы тұр. Қазір болса, балаларымың басы бар. Киімдері болса жүдеу. Көш көліктіңікі, ат аттыңікі. Барлығына қалай көлік табамын. Өз балаларым жетіліп, немерелерім өспей жатқан кезге кез болған уақыға. Шиетті жас балаларым аққар, көкмұзда қалай шыдайды. Ұзақ жолға олар қалай ілесе алады. Оларды көзім қимай жүріп өзім өлсем, басқалар қырылмай ма? Кемпірім болса елу екіде. Оның үстіне сіздерден жасырағы жоқ, сал ауру болып үйде отырып қалды. Оны қалай арқалап жеткізбекпін? Қырыққа жуық жыл жолдас болдым, оны қалай жыла-тып тірідей тастап кетемін. Менің соңымнан бірде бала ермейтін түрі бар. Ол жаққа барып, қалай қубас атанып қыдырып жүрмекпін. Мына «қалашөкің» малды елде де көрсетпейтін түрі бар.

Қыз балаларым өздері бөлек. Кімнің есігін жаптырып, қазанын төңкеріп кеткен деймін. Барлығының өз тілеуі өзінде. Судың беті жылы, асты суық болса да, араласып жатпақ. Мен жаңғыз өз басымды алып қашып барып, кімге тұлға болмақпын. Кім менің өлерімде аузыма су тамызбақ? Жасымның тетелігіне қарамастан, көзірі біздің ағамызда, әкемізде Найза екен. Ол кісінің айтқанын бұзып, алдынан шыға алмаймыз. Әркімнен жеке сұрап жату қажет болмаса, әр рудан сөзі ететін адам сөйлесе болыпты да деген тағы емес адамның айтуы бойынша, бір сөз айтқысы келіп отырғанын байқап, Құдайберген Қарабекке сөз берді.

- Мен орта шаруамын. Көмпескеден малды алғаным жоқ. Үкіметте маған тиген жоқ. Бірақ замана осылай болатын болса, малдан айрылып қалатыныма көзім жетіп отыр. Қонақтың айтқанындай, жыл сайын бұрауды бұрай түсуде. Қазақ баласы малдан айырылса, елді дей бер.

Айтарын дегенім, ел іші бұзылып барады. Адам білетінді құдайдан жасыра алмаймын. Менде бала дегенде жалғыз қызалақ бала бар. Құдайдың бергені осы болса, бермегеніне қалай таласа алмақпын. Баламның жасы жетіп қалды. Қорлықты ағайыннан көрдім. Баламның басын қатырып, Дулатбек деген жетпегір, түні бойы қақпаның алдынан кетпейді. Өзі комсомол. Комсомол біреудің есігін бақсын деп пе? Ағайынды жинап,

қатыра салыңдар дейін десем, кетерде қан шығарып, жаман ырым жасамайын деп, мысым құрып отыр. Баламнан сұратқызсам, оны қаламаймын депті.

Сырт естуім бойынша, арғы бетке кететіндей болса, ауданға қабар жасатып, бастықтарын қырғызып, қалғандарын абақтыда шірітем деп айтады дейді. Ондай жағдайда өткен жолғы уақыға қайта қайталаңады. Қаласа менімен бірге ер деп айтқызым, «Күшік күйеу бола алмаймын» деп хабарлапты. Сендерден ақыл сұрап отырмын. Жөні не болмақ? Жаңғыз баламды қалтырып қайда барамын? Қысқа жіп күрмеуге келмей тұр. Айтпайын деседі болмаған соң алдыларыңа сап баламның басын бұзарға салып отырмын.

- Соныда көпке саласыз ба? Бұл жайлы айтылды білемін. Оған аса сақтық керек. «Көпке дабыр, отқа бауыр сап» не керек? Жеке келіп қана ақылдасып бітіре салатын жұмыс. Тағы да атап айтамын. Әзірге аттан биік, қойдан аласа бола тұр. Баламды барған соң атақтап беремін. Жалғыз баламнан аяйтын жайым жоқ. Балам біреу болса, енді екеу болатынына қуаныштымын. Барған соң некеңді қиып, біржолата бергенше нысап жаса деп, ертіп өкет. Барып алған соң, қаламасаң қайда барсаң онда бар, комсомол екенсің деп, жолды көрсет. Қаласын, қаламасын күшік күйеу тұрмақ, ит күйеу болмас, арғы қолыңды бері әкел. «Мал баласының аласы сыртында», адам баласының аласы ішінде» демекші, осы сөзіміздің өзі оның құлағына жетпесіне кім кеніп. Әйтпесе, есті жігіт болса, кү дүниенің мұрагері екенін ұғынар. «Өсектің аяғы ұзын, құйрығы қысқа» деп, мына жастар арқылы ертең-ақ құлағына жетер.

Оған ағайын-туған, жақсыларды ебін тауып сал. Сонда «қой да түгел, қасқыр да тоқ» болатын шығар. Ал балаңның көңілі болса, онда тіпті жақсы. Тегі, «Інгенше көзін сүзбесе, буыршын бидасын үзбесе» дегенді де ұмытпаған жөн. Бұл жақта тіреліп тұрған үйі болмаса, келісер. Істің ақиқаты жарты жолдан аса айтылса да, ертелік етпес. Сүрініп көрген адам сияқты емес сияқтысыз, жығыла қоятын түріңіз жоқ. Кетіп, белгілі жерге жеткенде оттан қорықпаса да, көптен қорқар. Өз басыңыз, өкіметтен безер де емес, ниет-тес те емес сияқтысыз. Ақиқаты осылай болар?-деп, аузына сөз салды. Ол қышыған жеріне қол тигендей, басын шұлғы құптады.

- Көптен қалмайсыз ғой?-деп пысықтай түсті оқыған жігіт.

- Күні бұрын алып қашып, жоқ болып жүрмесің,- деп Құдайберген сақалын саусағымен тарай түсіп.

Өкпе оттың ортасындағы балам үшін берген кеңестеріңізге рахмет,- деп алтын тапқандай қуана түсті, көзі тостағандай енді, дөңгелек жүзді сұлуша қара кісі.

Алшын Әбіштің Қожахметіне көзі түскен Құдайберген алшын бабамның баласы өздері келісіп, маған ақыл қосуға шақырғанымен сөз бермеді.

- Қанша айтқанмен жалғыз үй кірме дегені ме деп көңіліңе келер. Ойыңды айтқың келе ме?-деп сұрады.

Әбіштің Қожахметі Жәнібек аулына да, Тінібек аулына да жегжат. Ол былай: Қожахметтің бірге туған әкпесі Кентті Барзайбай баласы Ұлыпанға берген. Ол да бізге жақын ағайын. Онымен бірге Иманбек атамның қызы Динаны алған. Ол жағынан тіпті жақын, жежат күйеу.

Таң қаларлық бір жайт Қожахмет пен Кент бір-біріне сойып қаптап қойғандай ұқсас. Тек бірі ұл, бірі қыз. Ең аяғы беттеріндегі қалдары да аумайды. Айыбында бірінде оң, бірінде сол жағында. Кент әйел адам болса да, ер көкірек жан еді. Батырлығына арнайы кейін тоқтармын.

- Атамыз қазақ «құда мың жылдық» деп айтқан емес пе. Мені болса әкем марқұм момын елге жалғастырғанына үлкен рахмет айтатын, топырағы торқа болғыр. Кеше ғана қыз беріп құда болып,

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,  
зейнеткер - журналист.

(Жалғасы бар).

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ(Жалғасы. Басы  
өткен санда).

Қымбат:  
Көшен-ау, жан екенсің тілің майда,  
Артық сөз, албыртқан ой бермес

пайда.

Құрбы бол, тілектес бол, тату-тәтті,  
Не керек, сөз салысып дулы тойда.  
Қазақта дәстүр асқан ұл мен қыз жоқ,  
Арманға жететұғын дүние қайда?

Көшен:  
Қарындас жан екенсің ойың сергер,  
Өлгі сөзің жүректі кетті тербеп.

Албырт ой, түсінемін, алып қашар,  
Сөз тізгінін ұсталық икемірек.

Аман бол, сайласымды қарындасым,  
Тағы да айтысармыз құлаш сермеп.

Күн ұясына қарай ығып бар жат-  
ты. Қымбаттың өлеңіне ілесіп отырған

жеңгесі: - Еркем, Менді апамның дауысы  
шығады. Шақырып жатқан көрінді. Өлеңді

қоялық, - деп биязылана қалады. Қыз

жеңгесінің ырқына көніп, үйдегілермен

бас ие қоштасып, сыртқа беттейді. Үй

ішіндегілер Көшенге ризалықпен тамса-  
на қарап тарасады.

\*\*\*

- Достым Көшен құр бекер уайым-  
дап, қайғырма? Қымбатқа өлеңмен хат  
жаз. Апарып тапсырып беремін. Хат  
сөзі жай сөзден өтімді, әсерлі болады.  
Той күні айтыста теңсіздікті, арманды  
айтқаныңда, Қымбаттың күрсінгенін  
байқадың ба? Оның да жүрегі жаралы,  
- деп Мұқаш досын жігерлеп, үміт отын  
жағады. Мұқаштың ақылымен Көшен  
Қымбатқа өлең хат жазды. Көшеннің  
алғашқы өлеңмен жазған хаты:

Қымбатжан, біз ғайыптан дидарластық,  
Құрбылық сәлеммен амандастық.  
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында.  
Бір сипат жастық сырдың кілтін аштық.

Осы дидар көңілді желпіндірді,  
Еске алып, қапастағы талай жасты.

Қандай ойда екен деп көп ойландым,  
Шеше ме, шешіле ме деп ойландым.

Қисынсыз, қырып айтып қалам ба деп,  
Көңілі қала ма деп, көп толғандым.

Сөксен де, сүйінсең де өзің төре,  
Ақыры хат жазуға қалам алдым.

Қиялым қанат қағар соққан желдей,  
Жігер билеп, жаныма нәр бергендей.

Сипаты, ұлағаты айтқан сөздің,  
Ұялап жүрегіме әл бергендей.

Парыз ғой жан сұрасу, дидар ғайып,  
Не керек жалған айтып, жолдан тайып.

Шындық сыр, жол ашады сыйласуға,  
Жайынды айт, түсінемін, етпе айып.

Жас дәурен барады өтіп, жыл сайын,  
Түсінер деп хат жаздым, қалқатайым.

Жабайы хат көрмесең құрбы назым,  
Түсіндір, өз басыңда қандай жайың?

Сылдыр сөз, ел аузынан хабарласпын,  
Сөйтсе де, өзің айтсаң мен тындайын.

Түсініп, құрбы еді деп сыйласаңыз,  
Сырт түгіл, шын өмірге болсаң дайын?

Әйтеуір, сөз соқпағы дей салсаңыз,  
Тең көрмей, аямасаң не қылайын.

Өмірге жастық кезде көмек берер,  
Жөніңді өзің биле дегім келер.

Бел байлап, тәуекелге жаздым сәлем,  
Жүрегім алып-ұшып, іш елжірер.

Мұқаштан түсінерсің кемшілігің,  
Ауызша толықтырып айтып берер.

Қымбат қыздың жауабы:  
Артық сөз сіз бен бізге ұнамайды,  
Түсіндім сіздің сөзді, сіздің жайды.  
Несіне бекер сізді кінәлайын,  
Қайғысыз ғазез жүрек жыламайды.  
Мен білмеймін алдымда күн бе,

түн бе?

Көрген түстей бір елес жағалайды.  
Көшеннің екінші хаты:

Қымбатжан ризамын, асыл затың,  
Мұқашпен келіп тиді жазған хатың.

Достарша сыйлап жауап қайтарыпсыз,  
Құрбының орындапсыз аманатын.

Түсінген құрметіңе риза болып,  
Бір мерей көтерілді салтанатым.

Ляззатты дүние қандай қызық,  
Кім жеткізер қызығын хатқа тізіп?

Дүниенің төңіргі бірдей емес,  
Гүлді жас дәуренді кетпей ме үзіп?

Біреу тең, біреулер кем, біреу зарлы,  
Біреу бай, біреу орта, біреу жарлы.

Біреу көп, біреулер аз, біреу мықты,  
Төңірім жаратқан ғой түрлі жанды.

Жоқ емес, өз теңіне тура келген,  
Кездесіп, нәсіп болып қалып елден.

Жасы тең, жүрегі кем толып жатыр,  
Сусып қанбас, шалшық су қоға емген.

Аралап көріп едім орта жүзді,  
Шамалап шолып жүрмін басқан ізді.

## АРСАЛАН – ҚЫМБАТ

(ДЕРЕКТІ БАЯННАМА)

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Теңсіздікке ұшыраған көп мұңлықтың,  
Біреуі деп түсіндім, мен де сізді.

Қарға қосқан тотыға бағын байлап,  
Байқұс тоты көнеді көзі жайнап.

Тағдырдың теңсіздігін көргенімде,  
Жас жүрегім кетеді суша қайнап.

Болат болсаң, жүзіңді берме тотқа,  
Сіздей жанды қимаймын бөтен, жатқа

Қондырған оң қолыма ақ құсым бол,  
Армансыз жан болайын түссем отқа.

Қадыр білмес жаманға жар болғанша,  
Табынайын өзіндей перизатқа.

Жүректің ақ тілегін жығға бөлеп,  
Бөленейік өмірлік махаббатқа.

Қымбатың екінші жауабы:  
Сезіп ем, оныңызды той үстінде,  
Ғұрып, дәстүр айтыстың желісінде.

Амал не, қолдан келер шара бар ма?  
Білсек те өр ісін де, кем ісін де?

Күйі жоқ, қыз байқұста ерік бар ма?  
Жай да жоқ, ақыл сұрар жең ішінде.

Сол өткен көп мұңлықтың бірі болып,  
Кетерміз жылай-жылай көп ішінде.

Көшеннің үшінші хаты:  
Қымбатжан, шешілмеген сырдың

жайын,

Өзіңнен өтінемін тағы айтайын.  
Сіздің де бір босаған кем сияқты,  
Мен де сол, оның несін жасырайын.

Жүректен сізге арнаған тілегімнің,  
Перделі берін ашпай, басылмайын.

Жат көрме, шалғай жүріс, ұры ма деп,  
Ел кезген шатқалаңның бірі ме деп.

Қыз таңдау, несін алған қаңғып жүріп,  
Қарамай қайыршылық түріне деп.

Мен үшін қарақшылық жаттың ісі,  
Адалдық, әділеттік хақтың ісі.

Жүрегім таза, ақ ниет пенде едім,  
Төңірге аян, әркімнің қылған ісі.

Матайда руым кенже, туған елім,  
Жетісу, Іле, Балқаш өскен жерім.

Байлық пен мансап құрып жүргенім жоқ,  
Жанға серік жар табу, мақсат, сенім.

Саясы жоқ сайранмен жүрген басым,  
Махаббатқа жол тауып аспақ едім.

Өкемнен тоғыз ұл, кенжесі едім,  
Өркімге мал мен пұлға теңдес едім.

Махаббат, жүрек сүйген жарым болса,  
Ешкімнің байлығына бермес едім.

Өмір қайта оралмас, бір өткен соң,  
Ақ жүзің өжім тартар нұр кеткен соң.

Өмірдің өтер сияқ сол емес пе?  
Сын қалмас, бояу аяқ сыр кеткен соң.

Қадыр өтпес жаманға бір қысылсаң,  
Не болады жүрегің кірлеткен соң?

Қос қарлығаш ұшайық қанаттасып,  
Өмір жолын табармыз бірлескен соң.

Қымбаттың үшінші жауабы:  
Көшен-ау, жан-жүйеме бүлік салдың,  
Болжаусыз жүрегімді күйік шалдың.

Бұл отты өшірем бе, өрбітем бе?  
Екі оттың арасында күйіп, жандым.

От салдың, май тамызып жүрегіме,  
Адастым ақылыман, жүдедім де.

Алаңсыз аңқау басым жүруші едім,  
Екі оттың ортасында күйемін бе?

Жолы жоқ, асуы жоқ, биік шыңға,  
Өзің депсің, ол асуды білемін бе?

Қадам басып өмірді көргенім жоқ,  
Жол таппай, адасама ғой сілемінде.

Сөзіңнен Иран бағы елестейді,  
Түсім бе, әлде өнім бе, сенемін бе?

Шатасып шатқалаңда кім біледі,  
Дұшпанның табаныңда өлемін бе?

Сен жалғыз, мен бір бейбақ сүйеуі жоқ,  
Қор болармыз, бекерге керегі не?

Мұқаш әкелген хатты Көшенге тапсы-  
рып тұрып: - Сен енді анық, ашып жаз.

Байқауымша, қыз қодар күйеуіне бармауға  
бар. Егер, сен серт берсең? Қымбат

тәуекелге бел буып, бойлауы мүмкін, -  
деп кеңес береді. Көшеннің ішін қуаныш

кернеп, хатты оқып, қолына қалам, қағаз  
қайта алады. Көшеннің Қымбатқа жазған

төртінші хаты:  
Қымбатжан тілек, сырдың бетін аштық,  
Білістік, өмір жайын шын сырластық.

Жай емес, ермек емес, айтқан сөзім,  
Сенсенсің жүрек кілті, анық достық.

Ақ өмірің, ақылың, саналығың,  
Нұр құйды жүрегіме даналығың.

Сондықтан алдыңызға бас иемін,  
Мен үшін баға жетпес даралығың.

Көрдім де ақ жүзіңді түстім отқа,  
Білмеймін сізден шипа бар ма, жоқ па?

Қол жетпес арқадағы гүлім болдың,  
Нұрың менде, жүрегім сіздің жоқта.

Тілегім, бар арманым сізді аңсайды,  
Қор қылма, мен сорлыны басқа жатқа.

Көгер күн, алдағы өмір бар қызығым,  
Садақа еттім өзіндей перизатқа.

Қымбатжан, шыныңды айт сүйемісің?  
Шын сүйіп, сендей мендей күйемісің?

Сүймесен кінә қойман, амалым жоқ,  
Зорлықпен махаббат жоқ, білемісің?

Сертпен шеш, армансыз бол болашаққа,  
Өмірде қор қылмас деп сенемісің?

Сен сенсең, менде сертпен ант беремін,  
Артымнан тәуекел деп еремісің?

Адаспа, абыржыма, ақыл сабыр,  
Өмірлік досым болып жүремісің?

Серттесіп, бел байлайық өмірлікке,  
Тұлпарын тәуекелдің мінегілік те.

Сен үшін дария кешіп, жаһан кезсем,  
Мен риза, басым құрбан бір сен десем.

Мақсатқа жетпейміз бе талаптансақ,  
Арманмен өтпейміз бе қарап қалсақ.

Қос жүректің тілегі орындалар,  
Қосылып, қос қарлығаш қанат қақсақ.

Қымбатқа хатты оқып беріп, Мұқаш:  
- Терезесі тең біздер Қаракерей болсақ,

ол Матай. Бәрі Төлегетай атадан тарай-  
ды. Арсалан өзің сияқты ақын, сері жігіт.

Махаббат жолыңда серілікпен жүрген таза  
жан. Сенімен айтысқаннан бері жүрегің

басып, арманда жүр. Сен үшін отқа, суға  
түссе де тайынар емес. «Тәуекел» деп бел

байла, - деп ақыл береді. Қымбат: - Сүйген  
жігітім болды. Хатқа жауапты ойланып жа-  
зып беремін, - деп асықпай бір шешімге

келетінін айтты. Қымбат жеңгесімен сыр  
бөлісіп ақылдасты. Жеңгесі: - Өмірге

сені әкелген анаң. Ана қадырын бала  
білгені жөн. Балаға ана жанашыр. Қай

ана ұрпағын жаман болсын дейді. Анаңа  
сырынды бүкпей айт. Түсінеді. Бағынды

ашуға жол сілтейді, - деп кеңес береді.  
Қымбат анасымен сырын бөліседі. Анасы:

- Ағаң қырық күн өмірдің қызығын көрмей,  
төсекте жатқаны анау. Сенің өміріңді

болжаумен шаршап болдым. Бақытты  
болуыңды тілеймін. Жолың болсын! -

деп ақ тілек батасын аянбады. Қымбат  
қыз жеңгесімен қайта сырласты. Жеңгесі:

- Мұқұл, бүкірге қимаймын. Ақылың бар.  
Өзің шеш, - деп Қымбатқа ой тастайды.

Барлығын саралай түйіндеп, Қымбат  
Көшенге өлеңмен хат жазды.

Гүл ектің жүрегіме сөзіңменен,  
Жүздесіп, сыйласқалы өзінменен.

Бұйрыққа ризамын, бағым шығар,  
Тар жолда табыстырған сеніменен.

Көшеке жүрегімді бердім сізге,  
Дұшпанға таба етпес сенімменен.

Өмірімнің кілтін қолыңызға ал,  
Көшен-ау, не тілейсің, енді менен?

Көшеке-ау, мен риза сертке жетсең,  
Өмірден қиын, қыстау аман өтсең.

Адасқанның алды жөн, арты соқпақ,  
Өзің біл мен бейбақты зар еніретсең.

Көшеке-ау, алдағы асу өте қиын,  
Ойласам көп қорқамын, жетпей миым.

Мал үшін ар, намысты сатып жүр ғой,  
Қазақтың әдет, ғұрпы ала құйын.

Қаракерей, матайдың ортасында,  
Шайқасу болған кезде, ұлы жиын.

Күніміз не болады, сонда біздің?  
Күйені бетке жағып, салса тиым.

Түйерміз беттің арын белбеуге де,  
Тырысып дұшпанға сыр бермеуге де.

Не қылым оқиғалар болмас дейсің,  
Бола ма көп талқысын көрмеуге де.

Қазақты мал билеген бір сор заман,  
Жеткізбес қанатыңды сермеуге де.

Белгі бас-аяғы кернеу іске,  
Бола ма қиындыққа көнбеуге де.

Ақыры тәуекелге сиынармыз,  
Болмайды сенуге де, сенбеуге де.

Қорытып, ақылымды айта келіп,  
Болайын өл-өлгенше саған серік.

Жазаның зіл салмағын тең көтеріп,  
Нар тәуекел десеңіз, сізде өкір.

Мен де енді мұрат тілеп, будым белді,  
Махаббаттың мерейін қылдым берік.

Көшеннің бесінші хаты:  
Қымбатжан, мен ризамын тілегіңе,  
Бақыт құсы боп қондың жүрегіме.

Ардақтап армандаған қос қанатым,  
Бір сен деп өмір бақи жүремінде.

Ал енді алдағы істі ойласалық,  
Өлшелік, артық-кемін ойға салып.

Кең пішіп, кемел ойлап, қорыталық,  
Болашақ мақсатымыз болсын анық.

Әділеттеп кешер деп ойламаймын,  
Аңқау, озбыр, даурықпа біздің халық.

Әр ру өз намысын қорғау үшін,  
Ду, шабыс, өлімге де барар шалық.

Ойлан деп, ерік бердің Қымбат маған,  
Тәуекелсіз еш өмір орнамаған.

Сен үшін алған беттен қайтуым жоқ,  
Қандай қаһар төнсе де болжамаған.

Намыс дер, перзентім дер, ұран салар,  
Атақты да, ардақты Матай бабам,

Аға ед Қаракерей әруақ шалған,  
Батаны бабамыздан бұрын алған.

Кең пейіл, мейірімді ел еді ғой,  
Құтқарар ұрпағын, бізді ажалдан.

Қымбаттың берген жауабы:  
Үмітің, айтқан сөзің ұғынықты,  
Не болар, немен тынар, жүрек күпті.

Жарға салсаң, жат жақтың күші мықты,  
Өкем де, қайын жұрт та кісілікті.

Көкке ұшсам, аяқтан тартар анық,

Арғын, найман аспаған өңшең мықты.  
Жерге кірсем, суырар төбе шаштан,

Мен бейбақ көтерем бе, ол қорлықты.  
Матайдан қаракерей саны артық.

Екі елге саламыз ғой үлкен жікті.  
Аянбас, матай жағы намыс етер,

Намыс, біреуінен біреуі өтер.  
Адам тұрсын, мал үшін шабысатын,

Қан төгіс, шапқыншылық болып кетер.  
Малмен бітім жасасып тоқтайтұғын,

Ел емес қаракерей тіпті бекер.  
Екі ел егер болса, көп қорқытып,

Екеумізді додаға табыс етер.  
Алдағы оңай емес, істің басы,

Айтайын екінші сөз ойымдағы.  
Кебектің қаны үшін кекті емес пе,

Найманға тобықты ел, арғын жағы.  
Тобықтының жесірін сен алған соң,

Арғын, найман қан төгіс болад тағы.  
Кебекті өлтіртті ғой найман-матай,

Аз емес арғын жағы қиқым-бақай.  
Малға бітсе тобықтан келмес еді,

Өр-найман Жетісуда, Тарбағатай.  
Еңлік-Кебек жобасын бастадық біз,

Болады тиянағы әлде қандай?  
Ескі, жаңа бұл іске Матай себеп,

Матай пана болмайды, бермес көмек.  
Матай жолы бұрынғы қан емес пе?

Қолынан қаза тапқан батыр Кебек.  
Арғын мен Қаракерей тіреп тұрса?

«Өз қылғанын өзіңе» болсын демек.  
Көп қорқытып, терең су батырғанда,

Аз Матай таба қоймас ешбір себеп.  
Кең ойлап, дос-жаранға ақыл салып,

## ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢА (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛАУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Алматы облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2021 жылдың 26 сәуірден 19 мамырға дейін қабылданады. Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, Ақсу ауданының жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2021 жылдың 19 мамыр 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2021 жылдың 20 мамырда 10 сағат 00 минутта мына мекенжайда ашылады: Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшыларымен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестер тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылық жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкі жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурста қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "жылғы \_\_\_\_\_" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратпен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

### АҚСУ АУДАНЫДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ

Орналасқан жері	Алаңы га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	46,6	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	21,0	Суармалы егістік	Кәдімгі сұр топырақ Жеңіл сазды суармалы	40,4	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	15,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ орташа сазды суармалы	54,4	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	10,0	Суармалы егістік	Кәдімгі сұр топырақ оңай сазды суармалы	40,4	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	4,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	48,0	Жайылым	Кәдімгі сұр топырақ орташа шайылған	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	20,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	25,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	25,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр қатты сортаң топырақ	9,2	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	17,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	10,8	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	30,0	Тәлім егістік	Шалғынды сұр аз сортаң топырақ	10,8	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Шабандық	Кәдімгі сұр топырақ орташа шайылған	26,6	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	5,0	Шабандық	Кәдімгі сұр топырақ орташа шайылған	26,6	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл
Есеболатов ауылдық округі	30,0	Жайылым	Кәдімгі сұр топырақ орташа шайылған	12,7	Қажет емес	Мамандандырылған	10 жыл

## УЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ПОВТОРНОГО КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе (конкурсная документация) будет приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 26 апреля по 19 мая 2021 года, по адресу: (Алматинская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5), в кабинете отдела земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 19 мая 2021 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 20 мая 2021 года в 10 часов 00 минут (Алматинская область, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5), в кабинете заместителя Акіма района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "\_\_\_" \_\_\_\_ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

### ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

Местоположение	Площадь га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона	Срок аренды
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные слабосолонцеватые глубокосолончаковые среднесуглинистые орошаемые	46,6	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	21,0	Орошаемая пашня	Сероземы обыкновенные легкосуглинистые орошаемые	40,4	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	15,0	Орошаемая пашня	Лугово-сероземные среднесуглинистые орошаемые	54,4	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	10,0	Орошаемая пашня	Сероземы обыкновенные легкосуглинистые орошаемые	40,4	Водообеспечен	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	4,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	48,0	Пастбища	Серозем обыкновенный среднесмытые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	20,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	25,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	25,0	Богарная пашня	Луговосероземные сильносолончаковые	9,2	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	17,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные	10,8	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	30,0	Богарная пашня	Сероземы обыкновенные	10,8	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Сенокос	Серозем обыкновенный среднесмытые	26,6	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	5,0	Сенокос	Серозем обыкновенный среднесмытые	26,6	Не требуется	Специализированный	10 лет
Есеболатовский сельский округ	30,0	Пастбища	Серозем обыкновенный среднесмытые	12,7	Не требуется	Специализированный	10 лет

## Жерге орналастырушы, геодезия және картография мамандарының кәсіби мерекесі

### Алматы облысында былтыр жер саласы бойынша 65 мыңға жуық қызмет көрсетілді

Қазақстанда жерге орналастырушы, геодезия және картография мамандарының кәсіби мерекесі наурыздың екінші сенбесінде атап өтіледі. Осыған орай «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы облысы бойынша филиал директорының орынбасары Құлдашов Абдурауф Мақсұтұлынан арнайы әңгімелесіп, көңілде жүрген сауалдарға жауап алдық.

**- Жер - мемлекеттің ерекше қорғауындағы негізгі ұлттық байлық. Сондықтан бұл салада еңбек ететін мамандарға жүктелетін жауапкершілік жоғары. Мемлекеттік корпорацияда осы кәсіптің қыр-сырын меңгерген мамандардың атқаратын қызметі қандай?**

- Көпшілік мемлекеттік корпорацияның жұмысы тек түрлі анықтамалар мен құжаттарды рәсімдеу және дайын құжатты беру, яғни халыққа қызмет көрсету орталықтарында азаматтарға қызмет көрсетуден ғана тұрады деп ойлайды. Алайда бұл - қате пікір. Азаматтарға арналған үкімет қызметінің төрт негізгі бағыты бар: азаматтарға фронт-офисте қызмет көрсету, әлеуметтік жылжымайтын мүлікті тіркеу және жер кадастр блоктары.

Жер кадастр блогының мамандары жер кадастрлық жұмыстарымен айналысып, топырақ құрамын зерттеп, бонитетін анықтайды, сондай-ақ геоботаникалық сараптама жүргізіп, топырақ картасын жасайды. Облыс бойынша бұл бағыттағы 20 аудандық және қалалық бөлімде 520-ға жуық адам жұмыс істейді. Жалпы, мемлекеттік корпорация жер кадастры бойынша монополиялық қызметтердің 13-ін және жерге орналастыру жұмыстарының 11 түрін көрсетеді.

Қазіргі уақытта екі немесе одан да көп қызметті бір өтінішпен алуға болатын композиттік қызметтерді қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

**- ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында бизнес-процестерді мүмкіндігінше цифрландыруды тапсырған болатын. Бүгінде корпорация жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіруде. Осы жайтқа тоқталсаңыз.**

- Жер қатынастарына қатысты қызметтерді алу қашанда қиындықтарымен ерекшеленіп келген. Бұл салада көрсетілетін қызметтердің көп бөлігі тек қағаз түрінде ұсынылғандықтан, қызмет алушылар мемлекеттік корпорацияның фронт-офисіне тікелей баруы тиіс еді.

Бүгінгі таңда жер қатынастарына байланысты «Мемлекеттік жер кадастрынан ақпарат беру», «Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау», «МЖК ААЖ графикалық дерегімен жобаланып отырған жер учаскесін келісу», «Жер учаскесіне актілер дайындау және беру», «Жер учаскесінің сапалық жағдайы туралы ақпарат беру» сияқты мемлекеттік қызметтерін еgov.kz электронды үкімет порталы арқылы онлайн алуға болады. Басты талап – электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы.

**- Жер қатынастары саласындағы қызметтердің көрсетілу мерзімі қаншалықты қысқарды?**

- Цифрлық технологиялар дәуірінде тұрғылықты жерге байланып, қызметтің нәтижесін бірнеше күн, тіпті бірнеше апта күту, әрине, орынсыз. Сондықтан жер қатынастары саласында ең көп сұранысқа ие қызметтердің көрсетілу мерзімін қайта қарастырып, барынша азайтылды. Мәселен, егер бұрын «Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық мәліметтерімен жобаланатын жер учаскесін келісу» мерзімі 15 күнтізбелік күн болса, қазір ол 7 жұмыс күніне дейін, ал жеке сәйкестендіру құжатын дайындау уақыты 6 жұмыс күнінен 4 күнге дейін қысқарды. Мемлекеттік жер кадастрынан ақпарат беру мерзімі 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды.

**- «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сәйкес елімізде 2021 жылы**

**«Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» жаңа ақпараттық жүйесі пайда болуы тиіс, осы жүйе туралы толығырақ айтып берсеңіз.**

- Қазіргі уақытта Қазақстанда жер және жылжымайтын мүлік саласында екі база бар. Олар «Мемлекеттік жер кадастры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қоры. Екі бөлек база болғанымен, ондағы ақпараттар бір бірін жиі қайталайды. Сондықтан, жер, құқықтық және табтқи ресурстарды қоса алғанда, барлық салалық деректер базалары мен кадастрларды қамтитын «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» жүйесін құру, бірінші кезекте, ақпараттардың қайталануын және оның қарама-қайшылығын болдырмауға мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа ақпараттық жүйе қолданыстағы үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, ЖМБМК жылжымайтын мүлікті және жер учаскелерін рәсімдеумен байланысты бизнес – үдерісті оңтайландырады. Жалпы, жобаның көптеген артықшылықтары бар. Оны іске қосқан соң жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және есепке алу саласындағы мәліметтерді автоматты түрде іріктеуден, өндеуден, өзектілендіруден, сақтаудан және талдаудан, базалық және өңірлік деңгейдегі жер кадастрынан жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды бірыңғай автоматтандырылған есепке алуды жүргізгенге дейін жұмыстары жеңілдемек.

**- «Азаматтарға арналған үкімет» өзін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыруда жаңашылдықтың жаршысы ретінде танытты. Алдағы уақытта қандай жаңалықтармен қуантпақшысыздар?**

- Өткен жылдың қараша айынан бастап жылжымайтын мүліктің техникалық паспорттың ХҚО-ға бармай-ақ, онлайн алуға мүмкіндік жасалды. Құжатты дайындау мерзімі жылжымайтын мүлік түріне байланысты, яғни техникалық тексеру қорытындысы бойынша пәтердің, жатақханалардағы бөлменің техпаспорты үш жұмыс күні, жеке гараждар мен саяжай құрылыстарына бес жұмыс күні өткен соң беріледі.

Пәтер, жатақхана бөлмесі, жеке гараждар мен саяжай құрылыстарына рәсімделетін электронды техпаспорт ХҚО-да қолтаңбамен расталып, мөр басылып берілетін құжаттағыдай бірдей деректерді қамтиды. Техпаспорттың электронды баламасы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге тартылған қызметкерлердің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталатын болды.

Сонымен қатар елімізде алғаш рет мемлекет меншігіндегі жер учаскесін беру және оны сауда-саттық аукционы бойынша саудалау немесе жалға беру құқығы қызметтері аясында жер учаскесі онлайн сатылды. Сынақ ретінде іске қосылған жоба аясында электронды үкімет порталы мен бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры, жергілікті атқарушы органның геоорталы және электронды сауда алаңының ақпараттық базалары өзара ықпалдастырылған болатын. Жер қатынастары және сәулет саласындағы жүргізілетін жұмыстарды цифрландыру аясында аталған пилоттық жоба әзірге Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау қалаларында да жүргізілуде.

Осы ретте айта кету керек, кәсіби мереке қарсаңында филиал бойынша 35 қызметкер «Құрметті жерге орналастырушы» төс белгілерімен, «Кәсіподақ қызметінің дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен, Кәсіподақтың құрмет грамотасымен, сондай-ақ мемлекеттік корпорация төрағасының алғыс хаттарымен марапатталды.

**- Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Кәсіби шеберліктеріңіз бен адал еңбектеріңіз мемлекеттік қызмет көрсету саласының бұдан әрі дамуы мен өркендеуінің мызғымас кепілі болатынына сенімдіміз.**

**- Сұхбатыңызға рахмет!**

Өз тілшіміз.

МАМАН КЕҢЕСІ

## Неке бұзу мәселелері



Ақсу аудандық сотында сот төрағасының м.а. А.Мадиевтың төрағалық етуімен, кеңсе меңгерушісі С.Иманжанова мен Ақсу ауданының АХАТ қызметінің бас маманы А.Досымбекқызы қатысуымен «Неке бұзу мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Кеңсе меңгерушісінің әзірлеген талдауына сүйенсек, сотқа түскен «неке бұзу туралы» талап арыздар саны 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда көбейген, атап айтсақ, 2020 жылы неке бұзу туралы 81 арыз тіркелсе (өсім 1,25%), оның 11-і (өсім 13,75%) көмелетке толмаған ортақ балалары жоқ жанұялардың ажырасуы.

А.Мадиев неке бұзуды 2 жолмен жүзеге асыруға болатынын еске салды: Біріншісі, АХАТ қызметіне жүгіну арқылы. Көмелеттік жасқа толмаған ортақ балалары жоқ ерлі зайыптылардың екеуі де ажырасуға келіскенде және олардың өзара, соның ішінде мүлікке қатысты талаптары болмаған жағдайда жүгінуге болады.

Екіншісі, Некені сот арқылы бұзу. Ерлі-зайыптылардың бірін сот: хабар-ошарсыз кетті, әрекет қабілеті шектеулі не әрекетке қабілетсіз, қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен сотталған жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың көмелеттік жасқа толмаған ортақ балалары болса, неке бұзуға бір тарап келіспеген жағдайда, ажырасудан қашқан жағдайда, мүліктік не өзге де келіспеушілік болса сотқа жүгінуге құқығы бар.

Некені бұзу туралы шешім шығарғанда сот мынадай мәселелерді анықтайды, ажырасқаннан кейін көмелетке толмаған балалар ата-анасының қайсысымен бірге тұрады, ата-анасының қайсысы және қандай мөлшерде балаларды асырауға алимент төлейді, көмелетке толмаған балалардың және ерлі-зайыптылардың өздерінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігіндегі мүлікті бөлу, оны алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша асырау мөлшерін айқындайды.

Сонымен қоса, қатысушылар жұмыс барысында туындайтын сұрақтарына жауап алып, өз пікірлерімен бөлісті.

Сот төрағасының м.а. А.Мадиев іс-шараны қорытындылай келе, неке бұзу бойынша арыз берушілердің көмелеттік жасқа толмаған ортақ балалары және мүліктік бөлісу бойынша келіспеушілік болмаған жағдайда сотқа жүгінбей, АХАТ қызметінің көмегімен некелерін бұздыру тиімді екендігін атап кетті. Ол бірінші кезекте тараптардың уақыттарын үнемдейді, сот істі қабылдағаннан кейін сот отырысын тағайындау, істі қарау, шешім шығару процесі көп уақыт алатындығын айтып, заң талаптарына сай татуласуға уақыт та берелетіндігін ескертті.

Ақсу аудандық сотының баспасөз қызметі.

## Құнанбайдың таңқырлығы



1960 жылдары әкеміз досы Бөрілтөбе ауылының жылқышысы Балабатыр деген кісі қонаққа келіпті. Үй иесіне Садуақасты шақырып, баласын ала келсін деп тапсырыпты. Келсек есік алдында тосып жүр екен. Екі дос құшақтасып амандасып, екі шал төрге шақырылды. Балабатыр шежіреші, әңгімеші кісі еді. Әкем үлкендердің әңгімесін тыңда деп алдына отырғызып алды. Әкем менді осындай жияндарға жиі ертіп баратын. Үлкендердің көп әңгімесін тыңдадым. Сондай тамаша әңгіменің бірін оқырман қауымға баяндап берейін. Бұл ешқандай кітапта жазылмаған ел аузындағы шын болған уақиға.

Базарбайдың Тәсібегі Абай ауылына көршілес орналасып, Абайға (Абай Құнанбаев) бөйге апарыпты. Ол кезеңде Құнанбайдың биліктен қалған кезі болса керек.

Абай құнанбайға Базарбайдың Тәсібегі бөйге алып келді десе, Құнанбай бөйгені тауға сал Садырдың жері құмдауыт келеді депті. Бөйгені кім алғаны белгісіз,

Тәсібек келген көшін қайта жинатып басқа жаққа жүргізіп жіберіп, өзі Құнанбайдың жатқан үйіне кіріп келіп, "Ассалаумағалейкум" деп сөлем береді.

Құнанбай: бұл кім? деп мойнын бұрса Базарбайдың Тәсібегімін деп тізе бүкпей шығып кетеді.

Сонда Құнанбай Абайды шақырып, Сен Тәсібекке ерулік бердің бе? депсе, Абай жоқ депті.

Сонда Құнанбай мені атып кетті. Жылдам көшін тоқтат, ат шапан айбын төле, ерулігін бер деген екен.

Садуақастың АБЫЛАЙХАНЫ.

**«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі**

Алматы облысында өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыру мақсатында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурс 15 мамырдан Халықаралық отбасы күніне орай басталады. Конкурсқа қатысуға өтінім арқылы, өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар (үміткерлер) қатысады.

Конкурсқа қатысуға мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары, сондай-ақ, қоғамдық пайдалы қызметке белсенді қатысады (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) отбасылар жіберіледі.

Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін мүшелері бар, бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурс екі кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – облыстық деңгейде.

Конкурсқа қатысуға өтінім қағаз және электрондық нұсқада аудандық (қалалық) комиссияға келесі құжаттар тапсырылады:

1) ата - аналардың (қорғаншылардың), жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кәсіпкерлікке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (болған жағдайда);

5) балаларды тәрбиелегені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екі);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім.

Құжаттарды көрсетілген мерзімнен кейін ұсынған үміткерлер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

«Мерейлі отбасы» конкурсына қатысуға қажетті құжаттар ауылдық округі аппараттары арқылы жинақталып ұсынылады. Аудандық (қалалық) комиссияға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

Барлық мәліметті аудандық (қалалық) ішкі саясат бөлімінен алуға болады: (872832) 2-14-12.

**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ: "ДІН БІРЛІГІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ" ОБЛЫСТЫҚ МАҚАЛАЛАР БАЙҚАУЫНА!**



Көркем мінез дегеніміз – Пайғамбарымыздай (с.а.у.) мейірімді, жұмсақ болу. Адал, қарапайым, шыншыл, сабырлы, төзімді, кішіпейіл, кешірімді болу. Ізгіліктен, адамгершіліктен әсте арылмау. Өзгелерге қолымен де, тілімен де зәредей зиян тигізбеу. Әрине, кемшіліксіз пенде болмайды. Ал көркем мінезді адам сол кемшілігін тастап, тек жақсылыққа ұмтылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ра-сында қиямет күніндегі таразы басында, мүмін пенденің көркем мінезінен асқан ауыр нәрсе болмайды. Күмәнсіз Алла ауызы былапыт сөзге толы арсыз адамды жек көреді», деген. (Тирмизи). Ал Айша (р.а.) анамыздан: «Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Расын-да мүмін өзінің көркем мінезінің арқасында, күндіз ораза, түнде намаз оқитын пенденің мәртебесіне жетеді», – деп айтқанын есіттім» деген хадис жеткен.

Пайғамбарымыз: «Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім», -деп өзінің ұлық мұратын паш етеді. Осылайша Ол Ислам діні негізінде адамзаттың бақытына баланған игі жақсылықтың бірі көркем мінез екендігін деп басып айтқан. Осы хадистерді білмегеннен кейін не амал жасамағанның кейін бойға біткен мінез ғой, қанға сінген әдет қой деп, «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген мақалмен ақталуға үйір тұрамыз. Не бетімен кеткен біреуді көрсек, «Бүкірді көр ғана түзейді» деп одан үміт үзе салуға жақынбыз. Асылында солай ма? Мінез түзелмейтіндей нәрсе ме? Хәкім Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», -дейді. Абай Құнанбайұлының айтуынша, түзелмейтін мінез болмайды. Қандай мінез болсын, ол түзеледі. Хазіреті Омар: «Адам бойында болмысынан келе жатқан он мінез бар, оның тоғызы – жақсы, біреуі – жаман. Жаманының басын бос қоя берсең, басқаларын бұзады», - дейді. Демек, жаман мінезді жақсы мінезге қойға қасқыр шапқандай шаптырмай, күзетіп, тізгіндеу адамның қолындағы шаруа екен. Көркем мінезге ие болғанның иманы бүтінделеді. Басына ғылым да, бақ та, тақуалық та келеді. Абай: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!», -дейді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Таразыға ең алғаш тартылатын нәрсе – көркем мінез» деген хадисі – кемелдік жолын іздеген әрбір адам үшін бағдаршам іспетті. Ешкімді сөзімен және қылығымен ренжітпей, таспен атқанды аспен ата білу де – көркем мінез бен парасаттылықтың белгісі.

Көркем мінез – дінімізбен қоса екі дүниеде де бақытқа бас-

тайтын бірден - бір жол. Егер біз ислам ұсынған көркем мінез үлгілерін дәріптеп, иманымыздың көмілдігін Пайғамбарымыз бен сахабалар секілді іспен көрсете білсек және оны өмірлік дәстүрге айналдыра алсақ, төрткүл дүниенің түкпіріне тарыдай шашылған адамзат баласының исламға деген махаббаты да арта түспек. Мәселен белгілі бір компания халыққа өнімін ұсынар болса, оның басшысы немесе тікелей компанияға қатысты көзқарас сол өнім арқылы қалыптасады. Сол секілді Алла Тағала мен оның дінін таныстыратын – мұсылмандар. Мұсылмандардың мінсіз бола алмайтыны анық, алайда ислам – идеал дін. Сол кемелдікке талпыну арқылы исламды таныстыра алмақпыз, себебі, сырты сұлу емес нәрсенің ішіне үңілетіндер қатары тым аз. Кезінде Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у) жалғыз өзі дінді қалай таратты деп ойлайсыз? Оның ең алдымен ісі, мінезі көркем еді. Құранда Алла Тағала оның бұл мінездерін бірнеше жерде мақтайды. Сол көркем мінездің, көркем қарым - қатынастың нәтижесінде сахабалардай абзал буын қалыптасты. Кейде сахабалар секілді құлшылық жасай алмайтынымызды айтып өкінеміз-ау. Шындығында, олардың жасағандарын қайталай алмайтындығымыз үшін емес, олардың жасамағандарын жасап жүргеніміз үшін қам жегеніміз дұрыс секілді. Олар мұсылман деген атқа, діндеріне кір келтірмес үшін өз қалауларынан бас тарта білетін адамдар еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у) соншалықты көркем мінез иесі бола тұра: «Аллаһумма ахсин хулуқи көма ахсанта халқи» «Аллаһым, жаратылысымызды әдемі қылып жаратқаныңдай, мінезімді де көркем ет», -деп үнемі Аллаһ Тағаладан жалбарына сұрайтын. Ұлық мінез иесі Пайғамбарымыз (с.а.у) үнемі көкем мінезді болуды Раббым Алладан сұраған болса, Сіз бен біз көп дұғада болуымыз керек. Пайғамбар (с.а.у): «Мен хақылы бола тұрып та, яғни өзіңікі жөн болғанда да тартысуды қойған кісі үшін жаннаттың ауласында бір сарай және қалжың да болса, өтірік айтудан бас тартқан кісі үшін жаннаттың ортасында бір сарай және де мінезді көркем болған кісі үшін жаннаттың ең биік жерінде бір сарай берілуіне кепілмін» деді. Жаратушы Алла баршамызға көркем мінезді болуды, жәннаттың ең биік жеріндегі сарайға кіруімізді нәсіп етпей!

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**  
аудандық «Ақсу өңірі» газетінің  
директор – бас редакторы.

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ**



деңгейін көрсету. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап, қазақ жазуын латын графикасына көшірудің артықшылықтары мен тіліміздің болашағы үшін қажетті шаралар арасында айтыла бастаған еді. Латын әріптері - өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі.

Сондықтан мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" туралы 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған мақаласында: "Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз қажет. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық", -деп латын әліпбиіне көшуге кірісуді міндет етіп қойып, "Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы XXI ғасырдағы

ғылыми және білім беру ерекшеліктеріне байланысты", -деп латынға көшудің маңыздылығына көңіл аударған болатын.

Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани кеңесіне бағытында баяндаған бағдарламалық мақаласындағы терең мәнді ұстанымдары халықтың ықласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз.

Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Ал, біз олармен рухани, мәдени, ғылыми экономикалық қарым - қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

**А.КҮЛДІБАЕВА,**  
Қызылағаш ауылдық модельді  
кітапхана кітапханашысы.

**ЕСКЕ АЛУ**



Ардақты азамат, нағыз дос, жанашыр бауырымыз, бір шаңырақтың асқар таудай тірегі болған, бала – шағасының ақылшы атасы **ТҮРГЕНБАЕВ ЕРМҰХАН БАЙМҰХАМБЕТҰЛЫНЫҢ** ортамыздан кеткеніне сәуір айының 3 жұлдызында бір жыл болады. Ермұхан досқа адал, сертке берік, шындықты бетке айтатын, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын нағыз азамат еді. Басқан, Құрақсу, Прибалқаш, М.Горкий тағы басқа жерлерде қызмет атқарса да, сол жердің табиғатымен етене танысып, халқымен бір туғандай қарым – қатынас жасай алатын. Зейнеткерлікке шықса да, жастарға ақыл – кеңесін айтып, үлгі болып жүруші еді Ермұхан бауырымыз. Амап қанша сұм ажал арамыздан алып кетті.

Егер ортамызда болғанда биыл 84 жасқа толып, қуанышында бірге отырар ма едік?

Биссимиллә деп бастайын, Асылық сөзді қоспайын. Кешегі жүрген бауырымды, Іздеусіз қалай тастайын. Ұсталар соққан сом темір Мойырылмайтай көруші ем Ағайынды бауырлар Айырылмайтай көруші ем. Қош аман асыл аға, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, -деп сағына еске аламыз.

**ЕСКЕ АЛУШЫЛАР:** бауыр – келіндері - Балтайы - Күлсахан, Бауыржан – Фая және Абылайхан – Зейнеп.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.  
**Меншік иесі:** «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г  
**Директор - бас редактор**  
**Қасымбекова**  
**Ләззат**  
**Қалмұхамбетқызы**

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.  
Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.  
Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5. Аудандық әкімшілік үйінде  
Тапсырыс 488  
Осы шығарылымның таралымы 3044

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.  
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz  
Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.